

АРНАЙЫ СЕРВИСТІК КАМПАНИЯ

[24SD-004]

Беріліс қорабының ЭББ-сін қайта бағдарламалау

Әңгіме не туралы?

Осы кампанияға қатысатын көлік құралдары 10 сатылы беріліс қорабын басқаратын электрондық басқару блогымен (ЭББ) жабдықталған. Беріліс қорабы бейтарап күйге ауыстырылғанда және ілініс поршеніндегі қысым босатылғанда қозғалтқыш күшінің бір бөлігі дөңгелектерге берілуі мүмкін. Бұл құбылыстың орын алуы жол-көлік оқиғасының туындау қаупін арттыруы мүмкін.

Толық ақпаратты Lexus компаниясының ресми дилерлік / сервистік орталығынан алуға болады.

Не істеу қажет?

Көлік иесі автокөлігін Қазақстандағы Lexus компаниясының ресми дилерлік / сервистік орталығына жеткізуі қажет. Lexus-ның кәсіби мамандары беріліс қорабының ЭББ-сін қайта бағдарламалауды **МҮЛДЕМ ТЕГІН** орындайды.

Осы кампанияны орындау қанша уақытты алады?

Қайта бағдарламалау шамамен **30 минутты алады**. Дилерлік орталық мамандарының жұмысбастылығы жоғары болған жағдайда, жұмыстарды орындау үшін ұзағырақ уақыт қажет болуы мүмкін.

Қандай модельдер осы кампанияға қатысады?

Қазақстан және Қырғызстан нарығында осы арнайы сервистік кампанияға келесі Lexus модельдері қатысады:

- **LX** (шығарылған жылы: 2021 – 2024 жж.).

Осы кампанияның өткізу мерзімі қандай?

Осы арнайы сервистік кампанияның өткізу мерзімі **шектелмеген**.